

2

Тұлғаға арналған тағылымды шара



4

Тарихи туризмнің маңызы



# Сыр бойы

№47 (21122) 2 сәуір, бейсенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboy.kz

www.instagram.com/syrboy\_kz

t.me/syrboy\_kz

twitter.com/syrboyi



## Ынтымақтастық айрықша мәнге ие

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Сауд Арабиясы Корольдігінің Қазақстан Республикасындағы елшісі Файсал Әл-Кахтаниді қабылдады.

Президент Қазақстанның Сауд Арабиясымен ынтымақтастықты жан-жақты нығайтуға айрықша мән беретінін айтты. Сондай-ақ Тақ мұрагері, Сауд Арабиясының Премьер-министрі Мұхаммед бен Салман Әл Саудтың екі елдің сан қырлы ықпалдастығын ілгерілетуге қосқан елеулі үлесін айрықша атап өтті.

– Тақ мұрагері Мұхаммед бен Салман – шын мәнінде, жаһандық ауқымдағы мықты әрі беделді көшбасшы. Оның өз Отанын өркендетуді көздейтін көреген әрі прогрессивті стратегиясы, сондай-ақ халықаралық тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайту ісінде атқарған рөлі ең жоғары баға мен құрметке лайық, – деді Қазақстан Президенті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Мұхаммед бен Салманды Қазақстанға мемлекеттік сапармен келуге шақыратынын растады.

Файсал Әл-Кахтани өз елінің Қазақстан Республикасымен стратегиялық серіктестікті одан әрі тереңдетуге бейіл екенін айтты. Ол жақында қол қойылған Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісім, сондай-ақ екі ел арасында Координациялық кеңес құру тиімді байланыстарды жандандыруға жол ашағанына назар аударды.

Бұдан бөлек, дипломат Таяу Шығыстағы күрделі ахуалға байланысты Қазақстан Президентінің көрсеткен жан-жақты қолдауына Сауд Арабиясы басшылығының шынайы ризашылығын жеткізді. Сонымен қатар Қазақстанның бітімгерлік келіссөздерді киелі Түркістан шаһарында өткізу туралы бастамасының өзекті екеніне тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев аймақтың тұрақтылығын, қауіпсіздігі мен орнықты дамуын қамтамасыз ету әрекеттеріне алдағы уақытта да жәрдемдесуге әзірлігін, сондай-ақ Сауд Арабиясына және Шығанақтағы барлық елдерге тілектестігін білдірді.

Кездесу соңында Президент Қос киенің сакшысы, Сауд Арабиясының Королі Салман бен Әбделазиз Әл Саудқа және Тақ мұрагері, Премьер-министр Мұхаммед бен Салман Әл Саудқа ыстық ықыласы мен сәлемін жолдап, бауырлас Сауд Арабиясы халқына бақ-береке тіледі.

/// АГРОӨНЕРКӘСІП

## Өңірде жүгері дақылы терең өңделеді КЕШЕ ЖАҢА ЗАУЫТТЫҢ ІРГЕТАСЫ ҚАЛАНДЫ



Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, маслихат депутаттары, зиялы қауым өкілдері және ел ағаларының қатысуымен Сырдария ауданында жүгері дақылын терең өңдеу зауытының іргетасы қалау рәсімі өтті. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

Аймақ басшысы жиналған жұртшылықты жаңа жобаның басталуымен құттықтап, агроөнеркәсіп кешенінің дамуы бағытындағы жұмыстарға тоқталды.

– Президентіміз айқындап берген экономиканы әртараптандыру, өңдеу өнеркәсібін дамыту жөніндегі стратегиялық міндеттер аясында аймағымызда нақты істерді кезең-кезеңімен жүзеге асырып келеміз.

Өткен жылы тамыз айында Жетісу өңіріне арнайы жұмыс сапарымен барып, еліміздегі ірі өндіріс орындарының бірі – «Жаркент крахмал-сірне зауытымен» жан-жақты таныстық. Келіссөздер нәтижесінде серіктестіктің қолдауымен облысымызда жүгері дақылын терең өңдейтін жаңа зауыт салу жөнінде маңызды келісімге қол жетті.

Бүгін аймағымыз, оның ішінде Сырдария ауданының тұрғындары үшін аса маңызды, тарихи сәттің куәсі болуға жиналды. Жылна 150 мың тонна жүгері дақылын терең өңдейтін, 40 млрд теңгенің жаңа өндіріс орнының іргетасы қалануда.

Зауыт заманауи талаптарға сай жоғары сапалы технологиялармен жабдықталып, 550 адамды тұрақты жұмыспен қамтамасыз етеді.

Биылдан бастап жүгері егісі 15 мың гектарға дейін ұлғайтылады. Бұл көрсеткіш жыл сайын артып, өңіріміздің аграрлық әлеуетін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Терең өңдеуге бағытталған жүгері өндірісін қолға алған шаруаларға мем-

лекет тарапынан қаржылай көмек көрсетіледі. Маңызды жобаны жүзеге асыруға бастамашы болып, зор үлес қосқан инвесторларға тағы да шынайы алғысымды, зор ризашылығымды білдіремін. Зауыт құрылысының сәтті аяқталуына, жаңа нысанның ел игілігіне қызмет етуіне тілектеспін, – деді облыс әкімі.



Рәсімде мемлекет және қоғам қайраткері Бекмырза Еламанов сөз сөйлеп, батасын берді.

Айта кету керек, 2022-2025 жылдары мемлекет тарапынан аграрлық саланы қолдауға 92,4 млрд теңге бөлінді. Биыл бұл мақсатқа 34 млрд 800 млн теңге қарастырылған. Шаруашылықтар есебінен 58 млрд теңгеден астам инвестиция тартылды. Өткен жылы ауыл шаруашылығында 11 млрд 600 млн теңгенің 16 инвестициялық жобасы іске қосылып, саланың негізгі қорына қартылған инвестиция көлемі 74 пайызға артты.

2026-2028 жылдарға арналған инвестициялық жобалардың жол картасы әзірленіп, оған 138 млрд 200 млн теңгенің 17 жобасы енгізілді. Жүйелі жұмыстың арқасында жалпы өнім көлемі жыл сайын өсіп келеді. Мәселен, өткен жылы бұл көрсеткіш 233 млрд 450 млн теңге болса, биыл 240 млрд 400 млн теңгеге жеткізу жоспарланған.

«СБ» ақпарат

/// САРАП

## ЖАСАНДЫ КОНТЕНТ: КҮНГЕЙ МЕН КӨЛЕҢКЕ

Цифрлық технологиялар дамыған сайын ақпарат тарату жылдамдығы бұрын-соңды болмаған деңгейге жетті. Әсіресе жасанды интеллект арқылы жасалатын контенттің (мәтін, сурет, видео, аудио) көлемі күрт артты. Бұл жаңа мүмкіндіктермен қатар, үлкен жауапкершілікті де талап ететіні анық. Жасанды контенттің қоғамға әсері күшейген сайын, оның сапасы мен шынайылығына қатысты сұрақтар да өзекті бола түсуде.

Ең алдымен, жасанды контенттің басты қауіпі – жалған ақпараттың таралуы. Кез келген адам арнайы құралдардың көмегімен шынайыға ұқсас мәтін немесе бейне жасап, оны көпшілікке ұсына алады. Мұндай жағдайда оқырман немесе көрермен ақпараттың рас-өтірігін ажырата алмай қалуы мүмкін. Бұл қоғамдық пікірге, саяси процестерге, тіпті адамдардың жеке өміріне кері әсерін тигізеді.

Фейк шынайы ақпаратқа қарағанда тез таралады. Оның себебі – мұндай жаңалықтар эмоцияға әсер етеді, мысалы, қорқыныш, ашу туғырады немесе танғалдырады. Бүгінде тек фактчекінің бағытында ғана жұмыс істейтін журналистер бар. Олар редакцияларда немесе жалған ақпарат пен фейктерді анықтаумен айналысатын тәуелсіз ұйымдарда қызмет етеді.

Фактчекер – бұл ақпараттың шындыққа жанасатынын, дұрыстығын тексерумен айналысатын журналист. Ол – қоғамдық тұлғалардың мәлімдемелерін, жаңалықтарды, БАҚ және әлеуметтік желілерде жарияланған контентке талдау жасайды, зерттейді. Фейк қандай мақсатта таралатынын және ақпаратты тексеру тәсілдерін Factcheck.kz порталының фактчекері, журналист Жансерік Тілеухан айтып берген еді.

2-бет



/// ДЕНСАУЛЫҚ

## РЕВМАТОЛОГИЯ БӨЛІМШЕСІ АШЫЛДЫ

Өңірде жоғары технологиялық медициналық көмек алу қолжетімді бола түсуде. Көпбейінді облыстық ауруханада 30 тәсек-орынға арналған ревматология бөлімшесі ашылды. Салтанатты шараға облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов, облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Алмас Әбілпатта және медицина саласының ардагерлері мен қызметкерлері қатысты.

Жаңа бөлімше Денсаулық сақтау министрлігінің медициналық профильді бөлімшелерді кеңейту бағдарламасы аясында іске қосылды. Облыс тұрғындарына сапалы әрі уақытылы медициналық көмек көрсету, ревматологиялық ауруларды ерте кезеңде анықтау және тиімді ем жүргізу, сондай-ақ асқынулардың алдын алу үшін ашылған бөлімде ревматологиялық ауруларды диагностикалау мен емдеудің заманауи тәсілдерін енгізуге мүмкіндік беріп, нәтижесінде пациенттерге кешенді және үздіксіз көмек көрсету деңгейі артады болады.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес, бұлтыр облыста қанқа-бұлшықет жүйесі және дәнекер тін ауруларымен 40 771 науқас тіркелген, оның ішінде 18 629 жаңа жағдай анықталған. Сонымен қатар, дәнекер тіннің жүйелі аурулары 642 жағдайды құрады. Көпбейінді облыстық ауруханада бұлтыр 282 науқас стационарлық ем қабылдаған. Орташа ем қабылдау ұзақтығы 13,5 күнді құраса, қазіргі кезде 44 адам жоспарлы госпитализацияны күтуде.

Осы орайда ревматология бөлімшесінің ашылуы өңір тұрғындары үшін жоғары мамандандырылған медициналық көмекті қолжетімді етіп, ауруды ерте анықтау мен тиімді ем жүргізуге мол мүмкіндік бермек.

«СБ» ақпарат



Валюта бағамы: \$ 478,77 kzt € 548,62 kzt ₸ 5,87 kzt

Ауа райы: Бейсенбі ☀️ +29° 🌙 +11° Жұма ☀️ +24° 🌙 +12°

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

# ИННОВАЦИЯЛАРДЫ ДАМУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ



ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Құн тәртібінде инновацияларды дамыту мәселесі қаралды. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Үкімет отырысынан кейін инновацияларды дамыту, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін экономиканың барлық саласына енгізу бағытындағы жұмыстар жан-жақты талқыланып, жауапты сала басшыларына бірқатар тапсырма жүктелді.

Ғылыми зерттеулер нәтижелерін өндіріске енгізуге ірі кәсіпорындарды тарту керек. Агроөнеркәсіп пен құрылыс индустриясында кластерлер құру, өндірісті цифрландыру процесін жандандыру үшін жаңа технологияларды енгізу маңызды.

Өткен жылдан бері өңірлік ғылымды дамытып, өндіріспен байланыстыруда жергілікті атқарушы органдарға жаңа міндеттер жүктелді. Арнайы ғылыми кеңес құрылды. Құрамына тиісті салалық басқармалар, өңірлік жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттары енгізілді.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, «Болашақ», Ашық университеттері, Ы.Жақаев атындағы қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты, өндірісте қолдануға, нарыққа шығаруға жарамды ғылыми жобалар әзірлеп, өңірлік ғылыми кеңестің қарауына ұсыныңыздар.

Жергілікті ғалымдарымызды республикалық халықаралық қорлар арқылы қаржыландырылатын ғылыми жоба байқауларына қатыстыру, ынталандыру шараларын қабылдау қажет. Инвесторлармен ынтымақтастық орнатып, өңірімізде технологиялық парктар, ғылыми орталықтар құру керек, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Айта кетейік, аймақтың өңдеу өнеркәсібіндегі 12 ірі кәсіпорын өндірісте цифрландыру жүйелерін қолданады. Атап айтқанда, «Қазгермұнай» серіктестігінде «Интеллектуалды кен орны» жобасы іске асырылуда. Сонымен қатар, уран өндіретін 3 компанияда

өндірістік процесс толық цифрландырылған. Жаңа жылу-электр орталығында АҚШ, Италия, Чехия және Түркияның заманауи автоматтандырылған технологиялары пайдаланылады. Ал «Шалқия» кен орнында пайдалы қазбаларды автоматты түрде ажырататын жасанды интеллект технологиясы енгізілген.

Алдағы кезеңде қатты тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау зауытында роботтандырылған жүйелерді енгізу, сондай-ақ бірқатар кәсіпорынның бизнес-процесіне жасанды интеллект элементтерін пайдалану жоспарланған.

«Арал» шөгінді бассейнінде 2D модельдеу бойынша зерттеу жұмыстары аяқталды. Сонымен қатар, «Саутс Ойл» компаниясы «Құмкөл» кен орнындағы қара тақтатаста мұнайын өндіруде инновациялық технологияларды қолдануда.

Өңірде ғылыми-зерттеу жұмыстарымен 9 ұйым айналысады. Соңғы үш жылда гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясында жалпы сомасы 2 млрд 300 млн теңгенің 23 ғылыми жобасы жүзеге асырылып келеді.

# ЖАСАНДЫ КОНТЕНТ: КҮНГЕЙ МЕН КӨЛЕҢКЕ

– Заман өзгерді, уақыт өзгерді. Бүгінгі таңда ақпараттық технология, ЖИ бар, әрбір біздің қолымызда телефон бар. Егер әрқайсысымыз бір-бір контент жасаймыз деп шешсек, барлығы өз қолымызда. Бұның нәтижесінде ақпараттың тым көп екеніне, нәтижесінде сапасыз, манипулятивтік ақпараттың, пропаганданың, манипуляцияның, конспирологияның шексіз, шексіз екеніне көз жеткіземіз. Соның арқасында бүгінгі фактчекің бұл бақылаушы журналистиканың бір түріне айналды, яғни бүкіл әлемде фактчекің ұйымдары бар. Әрбір елде кем дегенде біреуден бар. Қазақстанда екеу. Біз 2017 жылы құрылдық. Орталық Азиядағы тұңғыш фактчекің ресурс болдық. Әлі де сол деңгейдеміз. Қызметкерлеріміз украиналық әріптестерден дәріс алды. Одан кейін өз тәжірибемізбен бөлісіп, Өзбекстан, Қырғызстан елдерінде ашылуына көмектестік. IFCN халықаралық ұйымының құрамындамыз. Солардың стандарттарына сай жұмыс істейміз. Мысалы, қандай да бір инсайдерлік ақпарат, қандай да бір қауіпсіздік сүйеніп ешқашан жаза алмаймыз. Біз егер Meta платформаларда, Instagram, Facebook, Threads-та қандайда бір жалған ақпарат тараса, оны тексеріп, әлеуметтік желіде белгілей аламыз. Мынау жалған не рас деп, яғни кез келген ақпараттың салдары болады. Мысалы, коронавирус кезінде көптеген дезинформация тарайды, вирусқа, вакцинаға, емге қатысты. Бірақ оның үлкен салдары бар. Мысалы, вакцина салдырудан жаппай бас тарту жалпы қоғамдық денсаулыққа зиян келтіруі мүмкін. Көрініс бе, желіде тараған ақпараттың, физикалық өмірде салдары болғандықтан, Meta дезинформациямен күресудің үшінші тараптық, яғни фактчекерлермен серіктестік жобасын жасаған. Бұл халықаралық деңгейде, Еуропада, Моңғолияда, АҚШ-тың өзінде болған, қазір тоқтатып қойды, – дейді.

арқылы бір ақпаратты айтқызып, ЖИ-мен роликтер таратады. Жақында «Жасанды интеллект» туралы заң қабылданды. Жаңа заң бойынша мұның барлығына жасанды интеллект арқылы жасалған деген белгі қою керек. Егер белгі қойылмаса, оларға айыппұл салынады, тіпті қызметін тоқтатуға дейін апарылады. Жалған ақпаратқа қатысты екі бап бар. Бұл «Көрінеу жалған ақпарат тарату» деген Қылмыстық кодекстің 274-бабы, яғни 3 мың АЕК-тен 5 мың АЕК-ке дейін немесе 3 жылдан 7 жылға дейін бас бостандығынан айырады. Бұл – БАҚ үшін тікелей қауіпті баптардың бірі. Өйткені абайсызда таратып қойғанның өзінде журналист не редактор оны жеп қалуы мүмкін. Екіншіден, Азаматтық әкімшілік кодексте абайсызда жалған ақпарат таратқаны үшін 90 мың теңге көлемінде айыппұл төлеу бар. Бұл тікелей сізге салынбаса да, репутацияның репутациясына сын, абыройына нұқсан, – дейді ол.

Сонымен қатар, этикалық жауапкершілік те маңызды. «Жасанды контент адам намысына тиетін, қоғамда алауыздық туғыратын немесе жалған түсінік қалыптастыратын сипатта болмауы тиіс. Контент жасаушылар мен оны пайдаланушылар ақпараттың салдарын ойлап, санағы түрде әрекет етуі қажет» деп саяси Қорқыт ата атындағы университеттің «Жасанды институт» директоры Нұрлан Құлмырзаев.

– Жасанды контенттің шынайы ақпараттан айырмашылығы – оның тілінде. Ол әрхемиз тілімен сөйлей алмайды, тек хаттамалық ресми тілмен сөйлейді. Жасанды интеллект тапсырмалар ғана орындайды. Кейінгі кезде мынадай қауіптер болуға, көп жағдайда үлкен мәліметтермен жұмыс ісетегенде, мысалы министрлікте әртүрлі аймақтан келген ақпаратты жинап, ЖИ арқылы тезіс жазыды. Ал ол жерде қате кету қаупі басым. Айталық, жобаның атын басқаша жазып жіберуі мүмкін. Ол әрі қарай жаңалыққа шығып кетсе, сол негізгі ақпарат көзі болады да келесіде генерацияланғанда қате күйінде жазылады. ЖИ өзі генерациялаған текстің өзін оқып кете беретін болса, үлкен фейк элементі өтіп кетеміз, яғни өзінен-өзі сөздерді әсірелейміз деп, негізсіз жазылған сөздерге алданып, бір күні түбірін ұмытып қаламыз. Бүгінде редакторлар өзіне келген әр ақпаратқа фактчекің жасамаса, онда өз-өзіне, яғни галлюцинацияға алданған үлкен әлемге өтіп кетеміз. Соңғы бір айдың ішінде өзіміз сондай екі ақпараттан зардап шегіп отырмыз. Екі түрлі ақпаратты біріктіріп, генерация жасаған адам оның мәніне қарамай, бір-бірімен шатастырып жіберген. Енді соның ара-жігін ашу бізге жүктеліп отыр, – дейді.

Ақпараттың фейк екенін қалай анықтаймыз және тексереміз? Фактчекер кез келген ақпаратқа сүзгімен қарау қажет екенін айтады. Демек, әр адам сыни тұрғыда ойлануға дағдылану керек.

– Ең алдымен, біздің санамыз өте үлкен ресурс екенін түсіну қажет. Сананы сыни ойлауға дағдыландыру керек. Сұрақ қоя білу, оған күмәнмен қарау – бұл негізгі қарапайым ереже. Әр фейкке әртүрлі құралдарды қолдануға болады. Барлық адамда телефон бар, соның ішінде көпшілікке пайдалы болатын Photo Sherlock деген қосымшаны айтар едім. IOS, Android-та қолжетімді, соны жүктеп алу керек. Google, Яндекс Image search іздеу жүйесі, TinEye қосымшасы арқылы кез келген суретті, видеодағы детальдарды скрин жасап, іздеп Қазақстанда болып жатыр ма, жоқ па, тексеруге болады. Одан бөлек, RevEye браузерге арналған плагин орнатуға болады. Онда фото тексеруге арналған құралдары кіріктірілген. Ақпаратты тексеретін Қазақстанда Fackcheck.kz, Stopfake.kz сияқты сайттар, мемлекеттік органдардың ресми мәліметтері сенімді дерекке деп айтар едім. Егер адам фейк ақпаратпен кездесе, яғни белгілі бір деректің шынайы екеніне күмән келтіріп тұрса, мемлекеттік органдарға жүгінуіне, олардың әлеуметтік желідегі парақшаларына кіріп, сол ақпаратты тексеруіне болады, не бізге хабарласып, көмек сұрауына болады, – дейді маман.

Жасанды контенттен келген зиян үшін кім жауап береді? Контентті жасаған адам ба, әлде оны таратқан платформа ма? Бүгінде бұл сұрақ көптеген елде заңнамалық деңгейде қарастырылып жатыр. Кейбір мемлекеттер жасанды интеллект арқылы жасалған контентті арнайы белгілеуді міндеттеуде. Бұл – пайдаланушылардың ақпаратты дұрыс қабылдауына көмектесетін қадам. Fackcheck.kz порталының бас редакторы Думан Смақовтың айтуынша, жалған ақпаратты жіберіп алатын көбіне аймақтық ресурстар емес, орталықтандырылған, яғни Алматыдан, Шымкенттен, ресурс тарататын сайттар. Олар көп жағдайда жалған ақпаратты таратып алады да, кейін оны өшіріп тастайды. Бірақ одан аймақтық ресурстар оны жеп жатады. Орталықтандырылған ресурс таратқан ақпаратқа сіздер сілтемемен өтесіздер, ол жоқ болып шығады. Мұндай жағдайлар өкінішке қарай жерлік. Бұл этика мәселесімен тертеледі. Қазір біз TikTok желісімен де келісімге келуді жоспарлап жатырмыз. Жасанды интеллект арқылы жасалатын видеолар көбіне TikTok, Instagram-да таралады. Дипфейк технологиясын жасалатын, мысалы өлі адамды тірілтп немесе шенеуніктер, артистер

Жасанды контенттен келген зиян үшін кім жауап береді? Контентті жасаған адам ба, әлде оны таратқан платформа ма? Бүгінде бұл сұрақ көптеген елде заңнамалық деңгейде қарастырылып жатыр. Кейбір мемлекеттер жасанды интеллект арқылы жасалған контентті арнайы белгілеуді міндеттеуде. Бұл – пайдаланушылардың ақпаратты дұрыс қабылдауына көмектесетін қадам. Fackcheck.kz порталының бас редакторы Думан Смақовтың айтуынша, жалған ақпаратты жіберіп алатын көбіне аймақтық ресурстар емес, орталықтандырылған, яғни Алматыдан, Шымкенттен, ресурс тарататын сайттар. Олар көп жағдайда жалған ақпаратты таратып алады да, кейін оны өшіріп тастайды. Бірақ одан аймақтық ресурстар оны жеп жатады. Орталықтандырылған ресурс таратқан ақпаратқа сіздер сілтемемен өтесіздер, ол жоқ болып шығады. Мұндай жағдайлар өкінішке қарай жерлік. Бұл этика мәселесімен тертеледі. Қазір біз TikTok желісімен де келісімге келуді жоспарлап жатырмыз. Жасанды интеллект арқылы жасалатын видеолар көбіне TikTok, Instagram-да таралады. Дипфейк технологиясын жасалатын, мысалы өлі адамды тірілтп немесе шенеуніктер, артистер

Жасанды контент – заманауи қоғамның ажырама бөлігіне айналды. Ол үлкен мүмкіндіктермен қатар, зор жауапкершілікті де жүктейді. Сондықтан бұл салада құқықтық реттеу, этикалық нормаларды сақтау және ақпараттық сауаттылықты арттыру қажет. Жыл басында Мемлекет басшысы қол қойған заңда жасанды интеллектке қатысты жауапкершілік және бақылау қағидаттары бекітілді. Соған сәйкес, меншік иелері мен пайдаланушылар жасанды интеллект жүйелерін қолдану кезінде өзін атқаратын рөліне қарай жауап береді. Сонымен қатар, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын қорғау үшін кейбір әрекеттерге тыйым салынады. Мәселен, жеке деректерді заңсыз жинау немесе өңдеу, тұлғаның, манипуляциялық тәсілдер қолдану, құқықтық тәртіпті бұзатын басқа да әрекеттер. Енді жасанды интеллект арқылы жасалған бейне немесе суреттер міндетті түрде таңбалануы тиіс. Заң әлемдік тәжірибеге сүйенген. Сондай-ақ ұлттық жасанды интеллект платформасын құру және дамыту үшін негіз болады. Ең бастысы, заң адамға зиян келтіруі мүмкін ЖИ-дің кейбір әрекетіне нақты тыйым салынады. Азаматтың келісімінсіз оның мінез-құлқына ықпал ететін ЖИ жүйесін қолдануға, адамның жасы, денсаулығы немесе әлеуметтік жағдайын әдейі пайдалануға, әлеуметтік мінез-құлқы мен жеке қасиеттеріне қарай баға беруге, эмоциясын келісімінсіз талдауға, заңда рұқсат етілмеген жағдайда қоғамдық орындарда бет-әлпетті таңуға, тыйым салынған жасанды нәтиже жасау мен таратуға қатаң шектеу қойылады. Бұл нормалар жасанды интеллекттің адам өміріне кері әсерін азайтып, технологиялардың этикалық және қауіпсіз дамуын қамтамасыз етуді көздейді. Еліміз осылайша ЖИ саласында адам құқық бірінші орынға қойған әлем елдерінің қатарына қосылып отыр.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»



Фото: Ашық дереккөзден

# ТҰЛҒАҒА АРНАЛҒАН ТАҒЫЛЫМДЫ ШАРА

Сыр елінің өсіп-өркендеу жолында өшпес із қалдырған көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Мұстақым Ықановтың туғанына 100 жыл толуына орай тағылымы мол, мәні терең кездесу өтті. М.Ықанов атындағы Қызылорда техникалық-IT жоғары колледжінде ұйымдастырылған «Еңбегің ел мүддесіне арнаған» атты танымыдық шара ел тарихында есімі құрметпен аталатын тұлғаның өмір жолын, елге сіңірген еңбегін жас ұрпаққа кеңінен танытуға бағытталды.



Шарада архив қорында сақталған құнды құжаттар, тарихи деректер мен сирек материалдар негізінде жылжымалы көрме, көпшілік назарына қайраткердің өмірі мен еңбек жолын айшықтайтын тың мәліметтер ұсынылды. Сонымен қатар, жасанды интеллект мүмкіндіктері арқылы Мұстақым Ықанов тұлғасын таныстыру тәсілі де көрерменнің ерекше қызығушылығын оятты. Бұл тарих пен технологияның тоғысқан тұсы, өткенді

жаңа форматта дәріптеудің жарқын көрінісі болды.

Кездесуде зиялы қауым өкілдері, қоғам қайраткерлері мен ардагерлер Мұстақым Ықановтың ел басқарудағы көрегендігін, іскерлігін, адами биік болмысын еске алды. Олардың естеліктерінен қайраткердің қайсар мінезі, елдік мүддені бәрінен биік қойған азаматтық ұстанымы, халыққа жақын болған парасатты тұлғасы анық аңғарылды. Әсіресе, Сыр өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуына сіңірген еңбегі, ауыл шаруашылығы мен күріш өндірісін өркендетудегі тарихи рөлі, жаңа бастамаларға жүз ашқан ұйымдастырушылық қабілеті кенінен сөз болды.

Колледж ұстаздары мен білім алушылары да белсенділік танытып, арнау өлеңдер оқып, тұлға рухына тағзым етті. Жыр жолдары мен тағылымды ойлар кездесудің мазмұнын тереңдеті түсті. Бұл тек еске алу емес, ұлтқа қызмет еткен азаматтың ғұмырын ұрпақ санасына сіңіру, өнегелі жолын кейінгі буынға үлгі ету бағытындағы маңызды қадам болды.

М.Ықанов – Қызылорда өңірінің ғана емес, тұтас қазақ елінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан ірі тұлғалардың бірі. Жастайынан жауапты қызметтерге араласып, небәрі 36 жасында Қызылорда облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметіне келуі – оның қабілеті мен қарымын айқын танытқан тарихи сәттердің бірі. Ол басқарған кезеңде Сыр өңірінде ауыл шаруашылығы қарқын алып, инженерлік жүйелер жаңартылып, егіс алқаптары иеріліп, күріш шаруашылығы жаңа деңгейге көтерілді. Соның нәтижесінде Қызылорда облысы күріш өндіру саласында Одақ көлеміне танылған аймаққа айналды.

«Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» дейді қазақ. Мұстақым Ықановтай ел үшін аянбай еңбек еткен арда азаматтың есімі де, еңбегі де халық жадында мәңгі сақталары анық. Тағылымды кездесу сол құрметтің, тағзымның, елдік рухтың жарқын көрінісі іспетті.

Бағлан АМАНЖОЛ «Сыр бойы»



## ЖОБА ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНДА ҚҰҚЫҚБҰЗУШЫЛЫҚ ПРОФИЛАКТИКАСЫНА ҚАТЫСАТЫН АЗАМАТТАРДЫ КӨТЕРМЕЛЕУДІҢ ТҮРЛЕРІ МЕН ТӘРТІБІН, СОНДАЙ-АҚ ОЛАРҒА АҚШАЛАЙ СЫЯҚЫ МӨЛШЕРІН АЙҚЫНДАУ ТУРАЛЫ

«Құқықбұзушылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қызылорда облысында құқық бұзушылық профилактикасына қатысатын азаматтарды көтермелеу түрлері, сондай-ақ ақшалай сыйақының мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі **Н. Нәлібаев**

Қызылорда облысы әкімдігінің 2026 жылғы «...» №... қаулысына қосымша

## ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНДА ҚҰҚЫҚ-БҰЗУШЫЛЫҚ ПРОФИЛАКТИКАСЫНА ҚАТЫСАТЫН АЗАМАТТАРДЫ КӨТЕРМЕЛЕУ ТҮРЛЕРІ, СОНДАЙ-АҚ АҚШАЛАЙ СЫЯҚЫНЫҢ МӨЛШЕРІ

1. Алғыс жариялау.
  2. Грамотамен наградтау.
  3. Ақшалай сыйақы төлеу. Ақшалай сыйақы айлық есептік көрсеткіштің 10 еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде төленеді.
  4. Білім беру және біліктілікті арттыру бағдарламалары бойынша оқуға жіберу.
  5. Ұйымдарға, кәсіпорындарға көтермелеу туралы ұсынымдарды жолдау.
  6. Құқықбұзушылық профилактикасына елеулі үлес қосқан адамдарды мемлекеттік наградалармен марапаттау және оларға құрметті атак беру туралы ұсынымдар енгізу.
- Жергілікті атқарушы органдар құқықбұзушылық профилактикасына қатысатын азаматтарды көтермелеудің өзге де шараларын қолдануға құқылы.



# ӘДІЛДІК ТАРАЗЫСЫН ТЕҢ ҰСТАҒАН

Ажалдың салған ісіне пенденің айтар уәжі жоқ, біреуге ерте, біреуге кеш құрығын салатын, уақытқа, адамға бағынбайтын құбылыс. Ардақты азамат Балтабаев Бақытбек Өмірзақұлының қапыда айырылып қалғанымызға да жыл өте шығыпты.

Иә, адам – өмірге қонақ. Тумақ бар жерде бақилық болу да – мына өмірдің заңдылығы. Бірақ сол өлшеулі өмірде артына өшпес өнеге қалдыру, көпшілікке қадірлі болу – екінші бірінші шешенесіне жазыла бермейтін бақ. Оған зиялылық, тектілік қажет.

Сырдарияның ағысы баяу көрінгенмен, астары терең. Өмірде де осы өзен секілді адамдар болады. Үндемейді, бірақ нардың жүгін көтереді. Бақытбек Өмірзақұлы сондай жанның бірі еді. 1950 жылы қазанда Сүлүтөбе ауылындағы қарапайым ғана қазақтың шаңырағында дүниеге келген ол елге қызмет ететін азаматқа айналды. Табиғаттың тілін ерте ұқты. Малдың жайын, елдің тамын түсініп өсті. Сондықтан да оның таңдаған жолы кездейсоқ емес еді.

1973 жыл. Семей қаласы. Зоотехникалық-малдәрігерлік институт. Бұл жай оқу орны емес, Бақытбектің болашағына берілген жолдама болатын. Оны мал дәрігері мамандығы бойынша тәмамдап, туған жерге оралды.

Жас маман Сырдария ауданының Киров атындағы кеңшарында мал дәрігерлік учаскесін меңгерушісі болып еңбек жолын бастады. Мал – қазақтың байлығы, оны сақтау – жауапкершілік. Бақытбек бұл жауапкершілікті жете сезінді, сенім артып азаматтарды жерге қаратқан жоқ.

1970-жылдардың ортасы. Ұйымдастырушылық қабілетімен ерекшеленген азамат аудандық, облыстық комсомол комитеттерінде нұсқаушы болып, жастармен жұмыс істеу тапсырылды. Жастар – елдің ертеңі, ертеңмен жұмыс істеу – бүгінге жауап беру. Осылайша ол өзіне артылған сенім

деген ең ауыр жүкті көтерді. Бақытбек Балтабаев Қазақстан ЛКСМ Сырдария аудандық комитетінің, Қызылорда облыстық комитеті ұйымдастыру бөлімінің нұсқаушысы, комсомолдық ұйымдар кабинетінің меңгерушісі болды. Сырдария аудандық комитетінің екінші хатшысы, аудандық халықтық бақылау комитетінің инспекторы, Қазақстан Компартиясы Сырдария аудандық комитетінің нұсқаушысы, ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі қызметтерін абайромен атқарды.

Төртінші бар жерде талап бар. Бақытбек Өмірзақұлы талаптан тайған жоқ. Қай кезеңде де әділдік таразысын тең ұстады. Бірінші Мамыр кеңшарында партия комитетінің хатшысы, №4 кой фермасының меңгерушісі, Мұстафа Шоқай атындағы шаруашылық серіктестігінің, «Мұстафа Шоқай-Ыдырыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің төрағасы болып еңбек етті.

Ел жаңа жолға түскен елден-алаң кезеңде көп адам абдырады. Ал кейбірі шындалды. Бақытбек Өмірзақұлы нарықтың заманына сай шаруашылық ісін жүргізіп, елмен етене еңбек етті. Ауыл мемлекеттің жүрегі екенін ісімен ұғындырды.

Еңбегімен абайроға кенелген азамат 2010-2014 жылдары тағы бір міндетті мойнына алды. Сүлүтөбе ауылдық округінің әкімі қызметін атқарды. Әкімдік – билік емес, қызмет деп қараған ол ауылдың жолы, суы, жарығы, тұрмысы – бөріне мойын бұрды, қолдан келгенше түзеуге тырысты. Өйткені сол ауылдың өз перзенті еді.

Қызмет атқарған уақытында Қызылорда облыстық партия комитетінің пле-



нум мүшесі, Сырдария аудандық партия комитетінің мүшесі, аудандық кеңестің депутаты болып сайланды. Бірнеше медальді кеудесіне тағып, Құрмет грамоталарымен марапатталды. Бұл – халық сенімі, сенім – марапаттан биік. Бірақ оның ең үлкен марапаты елдің алғысы еді. Бақытбек Балтабаев 2014 жылы зейнет демалысына шықты. Зейнетке шығу тоқтау емес, жаңа кезең болды. «Ұрпақтан ұрпаққа» қоғамдық бірлестігінің жұмысына араласып, кейінгі буынға бағыт беруге атсалысты.

Ол қарапайымнан күрделіге, еңбектен абайроға, адамдыктан азаматтыққа жеткен жолдың иесі еді.

Сырдария тоқтаусыз әлі ағып жатыр. Сол өзеннің бойында бір адамның өмірі тұтас дәуірдің шежіресіне айналды. Еңбектен, елмен егіз өрілген, тағдырмен шындалған ғұмыр иесі шынында уақытпен бірге жоғалмайды, керісінше уақыттың өзіне айналады. Міне, біз баян еткен бекзат болмыс иесі Бақытбек Балтабаев осындай жол болатын.

Жүзбай ТАНЫРБАЕВ, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

# ТАРИХИ ТУРИЗМНІҢ МАҢЫЗЫ

Қызылорда – тарихи ескерткіштерге бай, сан алуан мәдени мұраларды сақтаған ерекше өңір. Бұл – халқымыз үшін орны ерекше аймақ деп Президентіміз өңірімізде өткен Ұлттық құрылтайда атап көрсеткен. «Сыр – Алшатың анасы» деген аталы сөз бар. Осы атыраптағы Шірік Рабат, Жанкент, Сығанақ, Алтынасар, Баршынкент қалаларының орны көне заманның өзінде қазақ жерінде дамыған қала өркениеті болғанын аңғартады. Қызылорданы сол өйгілі қалалардың заңды жалғасы дей аламыз. Бұл шаһардың тарихи мән-маңызы айрықша. Оның осыдан бір ғасыр бұрын Қазақстан астанасы болғаны баршаға мәлім. Бұл жерде еліміздің болашағына қатысты аса маңызды шешімдер қабылданды» деген еді.



Тарихи орындары мен ескерткіштері өткеннен сыр шертіп келген қонақтарды баурап алады. Бүгінде облыста 483 тарих және мәдениет ескерткіші бар, оның 131-і археологиялық ескерткіштерге, 121-і монументтік өнер құрылыстарына, 23-і киелі объектіге, 2-уі ансамбль мен кешенге, 206-ы архитектуралық ескерткішке жатады.

Жүргізілген талдау негізінде өңірімізге келетін шетел және Қазақстан туристерін қызықтыратын, зиярат ететін 38 нысан енгізілген. Ең танымал нысандардың бірі – Қорқыт ата кешені. Бұл жер – түркі әлемінің ұлы ойшылы Қорқыт атаға арналған қасиетті мекен. Кешеннің ерекше сәулеті мен қобыздың үні, символикасы келген әр адамға терең әсер қалдырады.

Түркі халықтарына ортақ рухани мұра болып саналады. Мұнда келген саяхатшылар Қорқыт атаның философиялық ойлармен танысып, қобыз үні арқылы берілетін ерекше атмосфераны сезінеді.

Ал тарихқа қызығушылар Сығанақ пен Жанкент қалашығы секілді көне қалалардың орнын аралайды. Бұл қалалар бір кездері Ұлы Жібек жолының бойындағы сауда және ортағасырлық өркениеттің маңызды орталықтары болған.

Ерекше тарихи нысандардың бірегейі – Көгітбар мұнарасы. Бұл мұнара – өңірдің сәулет өнеріндегі көне үлгілердің бірі. Оның құрылысы мен орналасуы сол кезеңдегі қорғаныс және бақылау қызметін атқарғанын аңғартады. Көгітбар мұнарасы өткен заманның куәсі ретінде туристердің қызығушылығын тудырады.

Діни сәулет ескерткіштері қатарында Айтбай мешіті ерекше орын алады. Бұл мешіт – өңірдегі ислам мәдениетінің дамуын көрсететін маңызды нысан. Оның архитектурасы қарапайымдылығымен қатар, рухани тереңдікті бейнелейді. Мұнда келушілер тек ғимаратты тамашалап қана қоймай, рухани тыныштық таба алады.

Қызылорда қаласындағы Құтқарушы Христос шіркеуі өңірде түрлі мәдениеттер мен діндердің бейбіт, бірлесуі мен бірлікке келе жатқанын дәлелдейді. Оның сәулеттік ерекшелігі мен ішкі көркем безендірілуі туристерді қызықтырады.

Тарихи тереңрек танысқысы келетіндер үшін Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінде өңірдің ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі тарихы қамтылған. Археологиялық жәдігерлер, этнографиялық бұйымдар мен тарихи құжаттар келушілерге аймақтың өткені туралы толық мағлұмат береді. Аңызға толы орындардың бірі – Бегім ана мұнарасы.

Бұл мұнара халық арасында кең таралған Бегім ана туралы аңыздармен байланысты. Мұнда келген туристер тек тарихи ескерткішті ғана емес, халық ауыз әдебиетінің бір бөлігіне айналған оқиғаларды да естіп, ерекше әсер алады.

Сондай-ақ өңірде орналасқан Кердері кесенелері де – туристік маңызы зор нысандардың бірі. Бұл кесенелер ортағасырлық сәулет өнерінің көрнекті үлгілері болып саналады. Олар сол дәуірдегі діни сенімдер мен құрылыс мәдениетін көрсетеді.

Ұлы даланың әрбір тау-тасы халқымыздың сан ғасырлық жылнамасын сыр шертеді. Соның бірі – қойнауы қазынаға толы Қаратау петроглифтері. Төрт мың жылдық тарихы бар танбалы тастар төл өркениеттің тамыры тым тереңде жатқанын көрсетеді. «Ғайымдарымыз Қызылорда жеріндегі Сауысқандық пен Түркістан облысындағы Арпаөзеннен жалпы саны 17 мың петроглиф тапқан. Осындай құнды жәдігерлеріміз бен ұлттық дәстүрлеріміз ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұралар тізімінде болуға әбден лайық деп санаймыз» деген болатын Президент.

Қызылорда облысының туристік нысандары – тарих пен мәдениеттің үйлесімінен туған баға жетпес мұра. Көгітбар мұнарасы, Айтбай мешіті, Құтқарушы Христос шіркеуі, облыстық музей, Бегім ана мұнарасы және Кердері кесенелерінен бөлек, облыстық әскери комиссариаттың шақыру пункті ғимараты, Сыр бойының батырлары ескерткіші, Араласар қалашығы, Сараман-Қоса мұнарасы, Кескен күйік, Шірік Рабат қалашықтары, Бәбін мола ескерткіштер кешені, Баланды II кесенесі, Жетіасар оазисінің ескерткіштері, Моңшақты асар, Сортөбе, Інеэр қала қалашықтары, Сөңгірам ғұрыптық жерлеу кешені, Мыңарал, Марал ишан, Қалқай ишан кесенелері, Қалқан ахун мешіті-мдресесі, Қос асар қалашығы, Қорасан ата, Қарасоны, Айқожа кесенелері, Ақтаста мешіті, Төлегетай-Қалыңты ата кесенесі, Оқшай ата қорымы секілді орындар өңірдің бай тарихын жан-жақты танытады. Бұл нысандарды аралау әрбір турист үшін танымдық әрі әсерлі саяхат болмақ.

Қызылорда облысына саяхат – тек демалыс емес, ол рухани байлық пен тарихи танымды арттыратын ерекше тәжірибе.

Зухра СЫЗДЫҚОВА, облыстық тарихи-мәдени мұраны қорғау орталығының инспекторы

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда облыстық медициналық желде жәрдем стансасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына байқау кенесінің мүшесі лауазымдық қызметіне конкурс жариялайды.

**Конкурс өткізілетін күні:** Конкурсты өткізу туралы хабарландыру жарияланғаннан бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн өткеннен кейін.

**Конкурс өткізілетін орны:** Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы, мекенжайы: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 27, Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының ғимараты, №207 бөлме.

**Кәсіпорынның атауы, орналасқан жері, пошталық мекенжайы және байланыс телефоны:** Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Астана даңғылы, құрылыс №1 «Б» мекенжайы, байланыс телефоны: 8(7242)40-05-20, 8(7242)23-77-32 e-mail: KZO103@KZO103.KZ Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Қызылорда облыстық медициналық желде жәрдем стансасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

**Негізгі қызметі:** облыс халқына желде және кезек күттірмейтін медициналық көмек көрсету.

**Бақылау кенесіне сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар:** Денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардағы байқау кенесіне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімнің, сондай-ақ мынадай талаптардың бірінің:

- 1) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің;
- 2) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық қызметте кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің;
- 3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі.

**Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлға конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде комиссияға мынадай құжаттарды ұсынуы тиіс:**

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған);
- 2) қазақ және орыс тілдеріндегі түйіндеме;
- 3) өмірбаян (еркін нысанда жазылған);
- 4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 5) жоғары білімі туралы құжаттың көшірмесі;
- 6) Кодекстің 35-бабында көрсетілген еңбек қызметін растайтын құжаттардың көшірмелері;
- 7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы және сыйбалас жемқорлық құқықбұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, алдындағы жұмыс орынының басшылығынан ұсыным) беруіне болады.

Қатысушы конкурстық өтінімінің түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгіленген конвертке салып мөрлейді. Бұл конвертке қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) және мекенжайы көрсетілуі тиіс. Содан кейін конверт сыртқы конвертке салынып мөрленеді. Ішкі және сыртқы конверттер:

- 1) шақыруда немесе мерзімдік басылымдағы ақпаратта көрсетілген мекенжай бойынша тиісті саладағы уәкілетті органға (жергілікті атқарушы органға) бағытталуы;
- 2) «\_\_\_\_\_ мемлекеттік кәсіпорынның байқау кенесі мүшелерінің конкурсы» және «\_\_\_\_\_ дейін ашуға болмайды» (шақыруда немесе мерзімдік басылымда көрсетілген конвертті ашу күні мен уақыты) деген сөздерді қамтуы тиіс.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар хабарландыру жарияланған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн аралығында Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 27-үй мекен-жайы бойынша Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасына тапсырылуы тиіс.

**Анықтама үшін байланыс телефоны: 8 (7242) 40-05-20 (116).**

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

Управление здравоохранения Кызылординской области объявляет конкурс на занятие должности члена наблюдательного совета коммунального государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Кызылординской областной станции скорой медицинской помощи» управления здравоохранения Кызылординской области.

**Дата проведения конкурса:** по истечении 30 (тридцати) календарных дней со дня объявления проведения конкурса.

**Место проведения конкурса:** управления здравоохранения Кызылординской области, адрес: город Кызылорда, проспект Абая, 27, здание областного управления здравоохранения Кызылординской области, кабинет № 207.

**Наименование предприятия с указанием места нахождения почтового адреса, телефона:** Коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Кызылординская областная станция скорой медицинской помощи» управления здравоохранения Кызылординской области, адрес: Кызылординская область, город Кызылорда, проспект Астана, строение №1 «Б», контактный телефон: 8(7242)40-05-20, 8(7242)23-77-32, e-mail: KZO103@KZO103.KZ

**Основная деятельность:** оказание скорой и неотложной медицинской помощи населению области.

**Требования, предъявляемые к лицам, избираемым в наблюдательный совет в государственных предприятиях на праве хозяйственного ведения в сфере здравоохранения, включают наличие высшего образования, а также одного из следующих требований:**

- 1) наличие опыта работы в сфере здравоохранения или по профилю организации и (или) экономики/финансы и (или) бизнеса и (или) права не менее 5 лет;
- 2) наличие опыта работы в сфере здравоохранения или по профилю организации и (или) экономики/финансы и (или) бизнеса и (или) права на руководящей должности не менее 3 лет;
- 3) членство в общественных объединениях в сфере здравоохранения и (или) экономики и (или) бизнеса и (или) права.

**Перечень документов, которые необходимо представить для участия в конкурсе:**

- 1) заявление об участии в конкурсе (в произвольной форме);
- 2) резюме на казахском и русском языках;
- 3) автобиография (в произвольной форме);
- 4) копия документа, удостоверяющего личность кандидата;
- 5) копия документа о высшем образовании;
- 6) копии документов, подтверждающие трудовую деятельность, указанные в статье 35 Кодекса;
- 7) документы, подтверждающие отсутствие судимости и коррупционных правонарушений, выданные территориальными подразделениями Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан.

Участник конкурса может представить дополнительную информацию, касающуюся его образования, опыта работы, профессионального уровня (копии документов о повышении квалификации, присвоении ученых степеней и (или) документов, научных публикация, рекомендации от руководства предыдущего места работы).

Участник зачитывает оригинал конкурсной заявки в конверт, пометив его: «Оригинал». На этом конверте указываются фамилия, имя, отчество (при его наличии) и адрес участника. После этого конверт запечатывается во внешний конверт.

Внутренний и внешний конверты должны:

- 1) быть адресованы уполномоченному органу соответствующей отрасли (местному исполнительному органу) по адресу, указанному в приглашении или информации в периодической печати;
- 2) содержать слова «Конкурс членов наблюдательного совета государственного предприятия \_\_\_\_\_» и «Не вскрывать до \_\_\_\_\_» (дата и время вскрытия конвертов, указанных в приглашении или информации в периодической печати).

Необходимые для участия в конкурсе документы должны быть предоставлены в течение 30 календарных дней с момента публикации данного объявления в управление здравоохранения Кызылординской области по адресу: город Кызылорда, проспект Абая, 27.

**Телефон для справок: 8 (7242) 40-05-20 (116).**

# «Қазушар» РМК «Сыр суы» филиалы бойынша топтық су құбырларына және оқшау су жүйелерін ауызсумен қамтамасыз ету қызметі бойынша 2025 жылдың қорытындысына сәйкес тұтынушылар алдында есеп беру кестесі

№	Өндірістік бөлімшенің атауы	Өтетін мерзімі	Өтетін орны
1	«Арал-Сарыбұлақ топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі	6 сәуір күні сағат 11.00-де	Арал қаласы, Бактыбай батыр көшесі №56, қалалық мәдениет үйі
2	«Арал-Сарыбұлақ топтық су құбыры» пайдаланушы Қазалы өндірістік бөлімшесі «Байқожа топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі	6 сәуір күні сағат 16.00-де	Өйтеке би кенті, Ж.Аймауытов көшесі №68, жеңіл паркі, кенттік мәдениет үйі
3	«Октябрь» топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі «Кармақшы ауданы оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі	7 сәуір күні сағат 11.00-де	Жосалы кенті,Қорқыт ата көшесі №1, кент әкімшілік мәжіліс залы
4	«Кармақшы ауданы, Төретам кенті және Ақай ауылдық округі оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі	7 сәуір күні сағат 15.00-де	Төретам кенті, Г.Мұратбаев көшесі №16 (Төретам кенттік клубі)
5	«Жалағаш ауданы оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі	8 сәуір күні сағат 11.00-де	Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі 11, Мәдени-сауатқоры кешені
6	«Сырдария ауданы оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі	8 сәуір күні сағат 15.00-де	Сырдария ауданы, Теренөзек кенті, Д.Қонаев көшесі №8 Мәдениет үйі.
7	«Жиделі топтық су құбыры пайдаланушы» Жанақорған өндірістік бөлімшесі «Талап-Сырдария» топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі	9 сәуір күні сағат 11.00-де	Жанақорған ауданы, А.Иманов көшесі №112 а («Ордакент») ардагерлер және жастар ресурстық орталығы
8	«Жиделі топтық су құбыры» өндірістік бөлімшесі «Шінеп ауданы оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі	9 сәуір күні сағат 15.00-де	Шінеп кенті, Т.Рыскулов көшесі №64, Саптанат сарайы ғимараты
9	«Қызылорда қаласы оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесі	10 сәуір күні сағат 10.00-де	Қызылорда қаласы, Тасбөгет кенті, Абай Құнанбаев көшесі №1Н ғимараты

## Хабарландыру

Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Абай көшесі, 105 мекенжайында орналасқан элеватор кешенінің сатылуына байланысты «Агрохолдинг Қызылорда» ЖШС басшылығы барлық шағымдар мен өтініштерді келесі телефон нөмірі арқылы жолдауды сұрайды: 8 705 777 64 64. Төлем жасау және шот-фактура рәсімдеу үшін деректемелер:

«Агрохолдинг Қызылорда» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Абай көшесі, 105. БИИ: 181140027151, АО «Народный Банк Казахстана» БИК: KZ936010201000054771, БИК: HSBKZZKX. КБЕ: 17. Басшы: Еспапов Манарбек Узақович

**Меншік иесі**  
**СЫР МЕДИА**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**БАС ДИРЕКТОР**  
**Марат АРАЛБАЕВ**  
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

**БАС РЕДАКТОР**  
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**  
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)  
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

**Бөлімдер:**  
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)  
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)  
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)  
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)  
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38  
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті  
КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)  
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.  
«АҚ» - ақылы қызмет.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.